

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Павлов Н.В. Германия на пути в третье тысячелетие. Пособие по страноведению. – М., 2001. – 76 с.
2. Гриневский О. Берлинский кризис 1958-59 гг. Заметки дипломата // Звезда. – 1996. – № 2. – С.134-135.
3. Заболотный В.М. Новейшая история стран Европы и Северной Америки: конец XX – начало XXI века: Учебное пособие для студентов. – М., 2004. – 381 с.
4. Хрестоматия по новейшей истории. В 3 томах. Редактор: А. Гофман. – М., 1961. – 253 с.

XX ғ. 90 – ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ: МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АЛАТЫН ОРНЫ

**Стамбулов С.Б., PhD, қауымдастырылған профессор,
Бөпіш Н.Н., магистрант**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

ҚХР-дың Орталық Азия аймағына қатысты ұстанымы және сыртқы саясаты жөнінде бірқатар пікірлер қалыптасқан. Мысалы, отандық зерттеушілердің басым көпшілігі Қытайды гегемон ретінде санап, Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саяси ұстанымдарын аймақ елдерінің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп тұрғысында бағаласа, батыс елдерінің сарапшылары аталған аймақты Қытай, Ресей және АҚШ сияқты әлемдік державалардың қызығушылықтары тоғысқан алаң ретінде көреді. Қытайлық зерттеушілер болса Орталық Азия аймағын Қытайдың сыртқы саясатындағы маңызды орынға ие аймақтардың бірі тұрғысынан қарастырып, Еуропа мен Қытайды жақындастыратын аймақ ретінде бағалайды. Осы тұрғыдан алғанда, XX ғасырдың 90 жылдарындағы Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен халықаралық келісімшарттарды зерттеудің маңызы бар. Өйткені, 90 жылдардағы екіжақты келісімшарттардың Орталық Азия аймағы мен Қытайдың қауіпсіздік саласындағы ұстанымдарына тікелей әсері бар.

Сондықтан, Қытайдың сыртқы саясатындағы Орталық Азия мемлекеттерінің орнын анықтау үшін де бірінші ретте мемлекетаралық ынтымақтастықтың негізгі салалары бойынша қалыптасқан келісімшарттық-құқықтық базаны зерттеу маңызды.

Зерттеудің міндеттеріне барлық екі жақты келісімшарттарды қарастыру жатпайды (бұл екі жақты келісімшарттар санының көптігіне байланысты, мысалы, тек қана Қытай мен қазақстан Республикасының арасында осы уақытқа дейін шамамен 300 келісімшартқа қол қойылған), бірақ, негізгі екіжақты келісімшарттарды қарастыру қажеттілігі туындады.

Тараптардың мүдделеріне қатысты келісімшарттық-құқықтық құжаттар, ең алдымен, олардың халықаралық құқықтың тәуелсіз субъектілері ретіндегі қатынастарын ресімдеуге, бұрын қолданыста болған Кеңес-Қытай келісімшарттарында, хаттамаларда, өзге де құжаттарда болған ережелер мен міндеттемелердің орындалуына кепілдіктерді қамтамасыз етуге және болашақта өзара тиімді ынтымақтастық жағдайларын қалыптастыру үшін құқықтық негіз жасауға арналды.

Қытай саясаттанушысы Син Гуанчэн атап өткендей, КСРО ыдырап, «Қырғи қабақ соғысы» аяқталғаннан кейін Қытайдың батыс шекараларындағы проблемалары өзгерәіске ұшырады. Жалпы алғанда, Қытайдың Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасы кеңес-қытай қатынастарының жалғасы болды, бірақ олардың сыртқы формасы айтарлықтай өзгерді. Ендігі кезекте олар Орталық Азияның бес мемлекетінің Қытаймен қарым-қатынасын білдірді [1].

1989 ж. қатынастарды қалыпқа келтірудің жалғасы ретінде Пекиннің кеңес-қытай қатынастарынан сақталған қағидаттарда жаңадан құрылған Орталық Азияның бес мемлекетімен «жаңа қарым-қатынас орнатуға дайындығы маңызды құбылыс болды. Бұл ретте Қытай зерттеушілері қарым-қатынас толығымен болғанын атап өтті ал оларды құру процесі бірнеше жылға созылды.

Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы саяси қатынастарды бірінші кезеңге бөліп көрсетуге болады:

- ынтымақтастықтың бастапқы кезеңі (1992-1993 жж., ынтымақтастықтың болашақтағы бағыттарын анықтайтын негізгі құжаттар);

- екі жақты қатынастар негізіндегі ынтымақтастықтың даму кезеңі (1993-1997 жж., шекара мәселесін реттеу жөніндегі келіссөздер);

- көпжақты қатынастар негізіндегі ынтымақтастықтың даму кезеңі (1998 ж.бастап қазіргі кезеңге дейін, мемлекеттік шекара жөніндегі келісімшарттарға қол қоб, ШЫҰ-ын құру).

1991 ж. аяғына қарай Орталық Азия мемлекеттерінде сыртқы саяси құқықтық субъектілікті қалыптастыру үрдісі бсталған болатын. Бұрынғы КСРО мемлекеттері өздерінің тәуелсіздігін жариялағанан кейін, 1991 ж. 27 желтоқсанда Қытай Қазақстанның, Қырғызстанның, Тәжікстанның, Түркменстан мен Өзбекстанның тәуелсіздігін мойындайтынын жариялайды.

ҚХР мен Орталық Азия амағы мемлекеттері арасындағы дипломатиялық қатынастарды орнату үрдісі елшіліктер деңгейінде және бір уақытта – 1992 ж. 2-6 қаңтары аралығында өтті. Сыртқы сауда министрі Ли Ланьцин және ҚХР Сыртқы істер министрінің орынбасары Тянь Цзэнпэй бастаған қытайлық делегация Орталық Азия аймағының барлық республикаларына сапармен келеді және барлық мемлекеттер арасында бірлескен декларацияларға қол қойылады.

Осы кезеңнен бастап, ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қарым-қатынас жаңа кезеңге – тәуелсіз егеменді мемлекеттер деңгейіндегі ынтымақтастық кезеңіне көшеді. Бұл жөнінде қтайлық зерттеуші Чжунго юй Чжунья «дипломатиялық қатынастардың орнатылуынан бастап мемлекеттердің өзара қатынастары тарихының жаңа беті ашылды» деп атап көрсетеді.

1990 ж.басында Орталық Азия мемлекеттерінің арасында Қазақстан белсенділік танытты, атап айтқанда, Қазақстан аймақтағы «одақтастық» функциясының құқықтық мирасқоры ретінде мәлімдеп, Республикамыздағы экономикалық тұрақсыздықты қамтамасыз ету мақсатында және мәселелердің кең спектрі бойынша ҚХР-мен саяси байланыстардың негізін жасау үшін ұмтылыс жасады. Осымен қатар, бірқатар көрсеткіштері (геосаяси жағдайы, халық саны т.б.) бойынша жетекшілік позициясы Өзбекстан тарабынан байқалды және мұның өзі күштің аймақтық орналасуын анықтап берді.

Атап көрсету қажет, осымен қатар, Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің ішінен Қытайдың алғашқы болып дипломатиялық қатынастарды орнатқан (1992 ж. 2-3 қаңтар) мемлекеттері Қазақстан және Өзбекстан болды.

Бұл кезеңде Қытай жетекшілері орталық-азия мемлекеттерімен қарым-қатынас орнату барысында сақтық танытты, яғни аймақ мемлекеттерінің ешқайсысын жеке бөліп қарастырған жоқ.

Ресейлік зерттеуші С.Г. Лузяниннің пікірінше кейін келе Қытай тарабынан «басым мемлекеттер тобы» анықталған және олардың қатарында ҚХР-мен шекаралас мемлекеттер – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан болған [2, 4]. Осымен қатар, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттері де аймақтық көлемдегі қауіпсіздік пен тұрақсыздықты қамтамасыз етуге қызығушылық танытса, Қытай шекаралас мемлекеттердегі ішкі саяси тұрақсыздықты қамтамасыз етуге қызығушылық білдірді.

Екінші бір жағынан, Қытайдың Орталық Азияның «ең ірі» мемлекеттері Қазақстан және Өзбекстанмен байланыс орнатуға деген талпынысы байқалады. Мысалы, Орталық Азия мемлекеттерінің арасынан Қытайға бірінші болып іс-сапармен премьер-министр С.Терещенко бастаған қазақстандық делегацияның, мемлекет басшыларының арасынан Өзбекстан Президенті И.Каримовтың іс-сапары кездейсоқтық емес. Осы кездегі мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемелерінде тараптар «бейбіт өмір сүрудің бес принципі» негізінде ынтымақтастықты құруға деген ынталарын білдірген.

1992 ж. ҚХР-на Қырғызстанның Президенті мен премьер-министрі іс-сапармен барып, мемлекеттер аймақаралық диалогты дамыта бастайды. 1993 ж. Тәжікстанның Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, соңынан Тәжікстан Президенті Э.Рахмонов Қытайға іс-сапармен келеді. 1993 ж. қарашада ҚХР-на Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев іс-сапармен келіп, нәтижесінде екі жақты достық қатынастардың негізі жөніндегі бірлескен мәлімдемелерге қол қойылады.

Осылайша, біртіндеп барлық деңгейлердегі, атап айтқанда мемлекет басшыларының және үкімет басшыларының деңгейіндегі кездесулердің механизмі қалыптаса бастайды. 1992-1993 жж. Сыртық істер министрлігі деңгейінде екіжақты үрдістер, сонымен қатар аймақтық және халықаралық мәселелер бойынша кездесулердің механизмдері қалыптасты [3]. Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерінің мемлекет басшыларының келіссөздер үрдісі нәтижесінде екіжақты ынтымақтастықтың бағыттары мен артықшылықтары анықталды және бұлар экономика, сауда, ғылым, техника мен мәдениет салаларына қатысты болды.

ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы дипломатиялық қатынастарды орнату жөніндегі келісімшарттарға қосымша ретінде және 1992-1993 жж. іс-сапарлар мен келіссөздердің

нәтижесінде бірқатар құжаттардың кешеніне қол қойылады. Атап айтқанда: әуе қатынасын ұйымдастыру жөніндегі Хаттама (1992 ж.ақпан Қазақстанмен, 1992 ж. наурыз Өзбекстанмен, 1992 ж.мамыр Қырғызстанмен, 1992 ж. наурыз Тәжікстанмен, 1992 ж.қараша Түркменстанмен), шекарадан өткізу пунктін ашу жөніндегі Хаттама (1992 ж. Қазақстанмен), теміржол саласындағы ынтымақтастықты нағайту жөніндегі Хаттама (1992 ж.ақпан Қазақстанмен, 1992 ж.наурыз Өзбекстанмен), азаматтардың екінші мемлекеттің территориясына кіруі жөніндегі үкіметаралық келісімшарт (1992 ж.ақпан Қазақстанмен, 1993 ж.наурыз Тәжікстанмен, 1992 ж. қараша Түркменстанмен), экспорттық тауар несиесі жөніндегі келісімшарт (1992 ж.ақпан Қазақстанмен, 1992 ж.наурыз Өзбекстанмен, 1993 ж.мамыр Тәжікстанмен, 1994 ж. сәуір Түркменстанмен), экономикалық, сауда және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі комитет құру жөніндегі келісімшарт (1992 ж.ақпан Қазақстанмен, 1992 ж.наурыз Өзбекстанмен), өзара инвестицияны қорғау және кеңейту жөніндегі келісімшарт (1992 ж.наурыз Өзбекстанмен, 1992 ж.тамыз Қазақстанмен, 1993 ж. наурыз Тәжікстанмен, 1992 ж. қараша Түркменстанмен), мәдениет, білім, ғылым, медицина, туризм мен спорт салалары бойынша ынтымақтастық жөніндегі келісімшарт (1992 ж.наурыз Өзбекстанмен, 1992 ж.мамыр Қырғызстанмен, 1992 ж.тамыз Қазақстанмен, 1993 ж.наурыз Тәжікстанмен, сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі келісімшарт (1992 ж.мамыр Қырғызстанмен, 1992 ж. қаңтар Түркменстанмен) т.б. Осылайша, ынтымақтастықтың аталған кезеңінде негізгі келісімшарттар пайда болды және болшақта бұл келісімшарттар толықтырылып, Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы нормативті-құқықтық базаның болашақтағы бағыттарын анықтап береді.

Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың бірінші кезеңінің ең көлемді құжаттарының бірі 1993 ж. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің ҚХР-на сапарының нәтижесінде қол қойылған ҚХР мен Қазақстан арасындағы «Екіжақты достық қатынастардың негізі жөніндегі Бірлескен Мәлімдеме» болды. Аталған бірлескен мәлімдеменің шеңберінде Қытай аймақ мемлекеттерімен қарым-қатынас орнатудың принциптерін ұстанды. Мәлімдемеге сәйкес Қазақстан мен Қытай «көршіліс дос мемлекеттер» деп танылды және «екі мемлекеттің арасындағы қатынастарды дамыту Азиядағы бейбітшіліктің

мүдделеріне сәйкес келеді» деп көрсетілді [2, 5]. Осымен бірге, Қазақстан мен ҚХР шиеленстік жағдайларды бейбіт жолмен шешуге, бір-біріне қарсы бағытталған қару қолдану арқылы қауіп-қатер төндіремеуге келісті және антиқытайлық немесе антиқазақстандық бағытағы саяси немесе әскери блоктар мен одақтарға қатыспайтындығын мәлімдеген.

Аталған мәлімдеме шеңберінде Қазақстан мен Қытай өзара экономикалық ынтымақтастық үшін қолайлы жағдай туғызу, инвестицияларды қорғау, экономикалық ынтымақтастықтың әртүрлі формаларын қолдану, мекемелер, кәсіпорындар, жекелеген аудандар арасындағы өзара байланысты дамытуға келіскен. Аталған құжаттың негізінде мемлекеттің арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыттары анықталды, атап айтқанда, ауыр және жеңіл өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, биотехнология, байланыс және коммуникация, энергетика салаларын бойынша ынтымақтастық мәселелері қарастырылды [4, 44]. Сонымен бірге, халықаралық және аймақтық ынтымақтастық, қауіпсіздік мәселелері, бейбітшілік, даму және қару-жарақ жарысын жою бойынша Қытай мен Қазақстан бірдей немесе ұқсас ұстанымдарды қолдайтынын және Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша екіжақты және көпжақты келіссөздерге қатысатындығын мәлімдейді.

Осылайша, 1993 ж. ынтымақтастықтың бірінші кезеңінде Қытай аймақ мемлекеттеріне қатысты әскери қауіп-қатер деңгейін қысқарту жөніндегі ұстанымын және Орталық Азияда қауіпсіздіктің жаңа жүйесін құруға деген қалауын көрсетті. Қытайдың мұндай ұстанымы Орталық Азияның барлық мемлекеттері тарабынан қолдау тапты.

1994 ж. басына қарай ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттері арасында қол қойылған келісімшарттардың барлығы жүзеге аспаған және ынтымақтастықтың деңгейі мен көрсеткіштері Қытайды қанағаттандырмағандығын байқауға болады. Осының себебінен ҚХР тарабынан Мемлекеттік кеңес премьері Ли Пэн бастаған делегацияның «орталық-азиялық турнесі» басталады. Орталық-азиялық іс-сапар барысында Ли Пэн 18-20 сәуірде Өзбекстанға, 20-22 сәуір Түркменстанға, 22-25 сәуір Қырғызстанға, 25-28 сәуірде Қазақстанға келеді, азамат соғысының белсендеуіне байланысты Тәжікстанға сапармен келмейді.

Ли Пэннің Орталық Азияға сапары барысында бірқатар экономикалық келісімшарттарға қол қойылады, осының нәтижесінде барлық мемлекеттер несиелік линияларын, кейбір мемлекеттер

«қайтарымсыз көмек» алады. Ал, Орталық Азия мемлекеттері Қытаймен екі жақты «Бірлескен мәлімдемелерінде» ҚХР-ның Тайвань, Тибет және ШҰАА-ға қтысты ұстанымдарына қолдау білдірген. Ал, Ли Пэн өз кезегінде Қытайдың Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің барлығының маңыздылығын, әрбір мемлекеттің таңдауын, сонымен қатар Қытаймен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға деген шешімін құрметтейтіндігін мәлімдеді.

Осыған дейін қол қойылған бірқатар келісімшарттар тиімсіз деп танылды, осының нәтижесінде келісімшарттарға қосымшалар немесе жаңа келісімшарттар пайда болды. Мысалы, 1994 ж. сәуірде Түркменстан мен Қытай арасындағы мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Меморандумға, 1994 ж. наурызда Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара тәртібін қатаңдату жөніндегі Меморандумға қол қойылды.

1995 ж. қыркүйекте ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Қытайға сапары барысындағы келіссөздердің нәтижесінде бірқатар құжаттарға қол қойылды, атап айтқанда: «Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы достық қатынастарды одан әрі дамыту және тереңдету жөніндегі Бірлескен декларацияға», «Қазақстан Республикасы мен ҚХР Қорғаныс министрліктерінің ынтымақтастығы жөніндегі Меморандумға», «Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы жөніндегі Келісімшартты» ратификациялау жөніндегі Хаттамаға қол қойылды.

Шекара мәселесін реттеуге деген табысты қозғалыстардан кейін Қытай Қазақстанның аймақтағы мәртебесін жоғарлатты. Мұның дәлелі ретінде «Бірлескен декларация» форматының ендігі кезекте «достық қатынастарды дамыту және тереңдету» форматына ауыстырғандығын келтіруге болады. «Декларацияда» екі тарап бейбіт өмір сүрудің негізгі принциптерін ұстанатындығын мәлімдеп, сепаратизм мәселесіне деген ортақ көзқарастар ұйғарылды. Шекара мәселесі бойынша келесідей мәлімдеме жасалды: *«...стороны преисполнены решимости предпринимать активные и разносторонние шаги... строго соблюдать Соглашение между РК и КНР о демаркации границы и, основываясь на договорах о нынешней границе между двумя странами и общепринятых принципах международного права, путем равноправных консультаций, в духе взаимоуступчивости и взаимопонимания продолжать обсуждение остающихся вопросов,*

чтобы найти приемлемое для обеих сторон справедливое и рациональное решение» [5, 73].

1996 ж. аяғына қарай Тәжікстанның Президенті Э. Рахмонов ҚХР-на мемлекеттік іс-сапармен келеді. Келіссөздердің нәтижесінде екі мемлекеттің арасында бірқатар келісімшарттарға, атап айтақанда сауда-экономикалық және инфрокұрылым салалары бойынша ынтымақтастық жөніндегі келісімшартқа, азаматтық істер бойынша көмек көрсету жөніндегі келісімшартқа қол қойылып, Тәжікстан да Орталық Азияның басқа мемлекеттері сияқты Қытайдан қайтарымсыз көмек алады.

1997 ж. 24-25 қыркүйекте Қазақстанға премьер Ли Пэн бастаған қытайлық делегация өкілдері іс-сапармен келеді. Келіссөз нәтижесінде Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнай саласы бойынша ынтымақтастық жөніндегі келісімшартқа, шекара жөніндегі қосымша келісімшартқа қол қойылады. Осымен бірге, Қытай ұлттық мұнай орпорациясының бас директоры және Қазақстан Республикасының энергетика және минералды ресурстар министрі арасында мұнай қорларын бірлесіп өңдеу және тұрбақұбырларын салу жөніндегі келісімшартқа қол қойылады.

Осы кезеңде, Орталық Азияның басқа мемлекеттеріне қарағанда Қытайдың Қазақстанмен қатынастары жоғары деңгейде дамығандығын көре аламыз және бұл жөнінде қытай зерттеушілері де атап көрсетеді.

1998 ж. 26-30 сәуірінде Қытайда Қырғызстан Президенті А.Ақаев мемлекеттік іс-сапармен болды. Келіссөз нәтижесінде қол қойылған «Достық қатынастарды дамыту жөніндегі бірлескен мәлімдемеде» екі мемлекет аймақтық мәселелерге, осымен қатар Тайвань, Тибет мәселелеріне қатысты екі мемлекеттің де ұстанымдарының бірдей екендігін мәлімдеді. Осымен бірге, Қырғызстан Президенті А.Ақаев сепаратимзге қатысты Қытайдың ұстанымын қолдайтындығын білдірсе, Қытай өз тарабынан Қырғызстанның тәуелсіздігін қорғау және дамуы барысында қолдау көрсететіндігін атап көрсеткен. «Бірлескен мәлімдемеден» басқа, қытай-қрғыз шекарасы жөніндегі келісімшартқа, сауда-экономикалық ынтымақтастық, Қырғызстанға жеңіл несие мен материалдық көмек көрсету жөніндегі келісімшартқа қол қойылды.

1998 ж. екінші жартысынан бастап ҚХР-мен екіжақты келіссөздерге Түркменстан қызығушылық таныта бастайды. 1998 ж. қыркүйегінде Қытайға Түркменстан Президенті С.Нииязов

мемлекеттік іс-сапармен келеді, келіссөздердің нәтижесінде Қытай мен Түркменстан арасындағы «Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комитет құру туралы келісімшартқа», ғылым мен техника, мәдениет, спорт және туризм алалары бойынша ынтымақтастық келісімшартына қол қойылады. Фактілі түрде алғанда, Түркменстан аймақтың басқа мемлекеттеріне қарағанда Қытаймен ынтымақтастығын 4-5 жылға кешіктіргендігін көруімізге болады.

1999 ж. ҚХР Мемлекеттік кеңесінің вице-премьері Ли Ланьцин өзінің орталық-азиялық турнесін бастыды, 19-20 қаңтарда Қазақстанға, 3-6 маусымда Түркменстанға, 6-8 маусымда Тәжікстанға, 8-10 маусымда Қырғызстанға сапармен келеді. Келіссөздердің нәтижесінде барлық мемлекеттерге қаржылай көмек көрсетілген.

1999 ж. 24 тамызында Бишкекте ҚХР, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Түркменстан мемлекеттері басшыларының кезекті отырысы өтеді. Нәтижесінде осыған дейінгі кездесулердің механизмдері мен принциптерін дамыта түскен «Бишкек декларациясына қол қойылады». Декларацияның мәтінінде «әділ және тиімді жаңа халықаралық саяси және экономикалық тәртіпті құру» туралы қытайлық анықтама пайда болады.

1999 ж. тамызында Тәжікстан Президенті Э.Рахмоновтың Қытайға сапары жүзеге асады. Келіссөз барысында Қытай мен тәжікстан арасында Ауғанстан және экстремизм мәселелері талқыланып, екі мемлекеттің арасындағы шекара туралы келісімшартқа қол қойылды. Бұл келісімшарт екі мемлекеттің арасындағы маңызды қол жеткізілген маңызды жетістік болып саналды.

1999 ж. 23-27 қарашасында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Қытайға ресми мемлекеттік іс сапарының нәтижесінде «XXI ғ. Қытай мен Қазақстан арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты нығайту жөніндегі бірлескен мәлімдемеге» қол қойылады.

Бұл кезеңнің ең маңызды келісімшарттарының бірі – «XXI ғасырдағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен декларацияға» қол қойылды. Бұл декларация екі мемлекет ынтымақтастығының кейбір қорытындыларын шығарды және «стратегиялық серіктестік» шеңберіндегі екіжақты байланыстарды нығайтудың бағыттарын атап көрсетті.

Айта кету қажет, Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің арасында Қытаймен «стратегиялық деңгейдегі ынтымақтастық» алғаш рет пайда болды. Аталған декларацияда өзара түсіністік пен қолдаудың жоғары деңгейі, осымен қатар екі мемлекеттің арасында қалыптасқан достық қатынастарды, өзара сенімділікті және өзара тиімді ынтымақтастықты ХХІ ғасырда стратегиялық серіктестік деңгейіне жеткізетіндігі жөнінде мәлімденген. Осымен бірге, Декларацияда екі мемлекеттің сыртқы саяси істерінде бір-біріне өзара қолдау көрсету, халықаралық және аймақтық ұйымдардың шеңберінде екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты дамытуға келіскендігін анықтай аламыз. Осылайша, декларацияның мазмұнына екіжақтымен қоса көпжақты келіссөздер форматы қосылып, ынтымақтастық алаңы анықталған болатын.

Фактілі түрде алғанда, осы кезеңнен бастап Қытай аймақтық ұйым құру мүмкіндіктерін өңдей бастайды.

1999 ж. қарашасындағы Өзбекстан Президенті И.Каримовтың Қытайға жасаған мемлекеттің іс-сапары шеңберінде халықаралық терроризм, діни экстремизм, қауіпсіздік мәселелері талқыланды. Келіссөздер нәтижесінде екі мемлекеттің арасында «Достық қатынастарды дамыту жөніндегі бірлескен мәлімдемеге» қол қойылды.

Өзбекстан Президенті И.Каримовтың аталған іс-сапары «Шанхай үрдісі» тарабына қадам ретінде қарастырылады. 2000 жылға қарай Қытай мен Өзбекстан арасынд әртүрлі деңгейлердегі 36 құжатқа қол қойылған және бұл құжаттар екі мемлекеттің өзара қатынастарының құқықтық негізін жасп береді.

Қорытындылай келе, Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы ынтымақтастықтың нормативті-құқықтық негізі 90 жылдары толық қалыптасып, қазіргі кезеңдегі екіжақты қатынастардың жаңа деңгейге шығуына ықпал етті деген қорытынды шығаруға болады. Аталған келісімшарттар екіжақты қатынастардың барлық салаларын, атап айтақанда саяси, қауіпсіздік, экономика мен мәдени гуманитарлық бағыттарын қамтиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Син Гуанчэн. Китай и Центральная Азия. – Пекин: Изд-во обществ. научн. лит-ры, 1999. – 275 с.

2 Лузянин С.Г. Китай: внешнеполитические ориентиры (2012–2022). Прогнозно-аналитические сценарии // Вестник Сибирской академии права, экономики и управления. – 2012. – № 2 (5). – С. 4-11.

3 Дегтярёва А. А. КНР на мировой политической арене в XXI вв.: проблемы и перспективы // Научно-методический электронный журнал «Концепт». 2017. – Т. 37. – С. 1-4. – URL: <http://e-koncept.ru/2017/771224.htm>.

4 Мокрецкий А. Основные направления китайской дипломатии // Проблемы Дальнего Востока. – 2015. – №1. – С. 44-59.

5 Син Гуанчэн. Китай и Центральная Азия. – Пекин: Изд-во обществ. научн. лит-ры, 1999. – 275 с.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РЕФЛЕКСИВНОГО МЕТОДА ДЛЯ РЕШЕНИЯ КОНФЛИКТНЫХ СИТУАЦИЙ В ПОЛИТИЧЕСКОЙ СФЕРЕ

**Тилеубаева М.С., PhD,
Есмуратова С.А., магистрант,
Ныгметова Б.М., магистрант,
Жанысова К.Н., магистрант**

Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай Хана, г. Алматы

Психология управления является неотъемлемой частью в сфере политики. В политических процессах всегда есть человек, который занимает место управленца, будь то президент страны или генеральный секретарь международной организации. Каждый такой человек имеет свои характерные особенности или свою психологию управления, и его психология управления основывается на интересах его страны. Так формируются личные качества. Проведение политики страны во многом зависит от того, кто ею руководит [1, с. 23]. Бывают случаи, когда неизбежны случаи конфликта в политической жизни. Поэтому руководитель должен обладать методом рефлексивного управления для решения конфликтных ситуаций.

Для начала, что означает рефлексивный метод управления? Рефлексивное управление – это умение руководителя, опираясь на собственный образ (образы) в представлениях подчиненных, использовать это знание таким образом, чтобы каждый подчиненный стремился исполнить указание руководителя наиболее эффективно. Другими словами, рефлексивное управление – это сознательное формирование руководителем своего образа (образов) у